

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетакы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 1415 Қаулысы
«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан
Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақы төлемдерін алушылардың барлығына, оның ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнайы атақтар берілген және ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін отыз пайызға арттыру жүргізілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Казахстан

Республикасының

K. Məcimov

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК